

**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ**

№ 16

Жезді , Қарсақбай
кенттері
12. 07.2023
сағат 10.00,15.00

Облыстық қоғамдық кеңесі отырысы жылжымалы форматта, Жезді және Қарсақбай кенттерінде өтті.

Отырысқа ОҚК төрағасы Бегенов Б.Ж. бастаған төмендегі қоғамдық кеңес мүшелері: Маткенов М.К; Мукеева А.,Токишова А., , Ахмет А.; Дүйсенов Б., Бекмағанбетов М.Е, қатысты.

Сонымен қатар ,жиынға Жезді кентінің әкімі Жұмабек Мұратбек Досымбекұлы қатысып отыр.

Белгілі себеппен қатыспаған: Тұрлыбек А.; Абжаппаров А. М, Ізтөлеуов Д.Д, Хамитов М.И, , Оспанов С.Ж; Бакиров. Б

Әкімшілік ғимараты.

Бегенов Б.Ж: Сәлеметсіздер ма Жезді кентінің тұрғындары. Мен ,Ұлытау облысы қоғамдық кеңесінің төрағасымын. Есімім Бауыржан Жаппасұлы Бегенов. Менімен бірге Маткенов М.К; Мукеева А.,Токишова А., , Ахмет А.; Дүйсенов Б., Бекмағанбетов М келді. Біз сіздерде қандай сұрақ,өтініштеріңіз бар,соны біліп,тиісті мемлекеттік органдарға жеткіземіз деп айтқым келіп отыр.

Әжібек Файзолла , Тилеген Рахымбеков – Жезді тұрғындары. Олар қордаланып шешілмей келе жатқан күрделі мәселелерді атап өтті:

1. **Электростанциясы- осы нысан ешкімнің балансында жоқ, өрт те болған;**
2. **ФОКтың салынуы тоқтап қалды;**
3. **Ауылда тұрсада шахталарға қатынап жұмыс жасайтын жезділіктерге /100 азаматтарға/ экологиялық эмиссия төленбейді.**
4. **Жезді су қоймасын тазартып жатыр, су тартқан соң жер асты сулар азайып, мал жайылымы құрып жатыр;**
5. **«Сары оба» кенішіне жезділіктер өз көліктерімен қатынайды; 40 адамға неге көлік қарастырмайды;**
6. **Бізде 18 юр.мекеме бар, неге Жездіні аудан орталығы жасамайды;**
7. **Модульды тазарту станция жасап,канализацияны тазарту керек. Өйткені барлығы суға ағып жатыр. «СК Парламент» айналысып жатыр,жұмыстары көңілден шықпайды;**
8. **Бізге жас мамандар келмейді,өйткені тұратын үй жоқ. Сол мәселені шешу керек;**
9. **Жастар көшіп кетіп жатыр, облыс әкімі Б.Әбдіғалиға бірнеше рет айттым,газ тартып, жылуды орталықтандыру қажет. Сол кезде халық та қалады;**
10. **Жер қойнауына қатты бақылау қажет. Неше түрлі азаматтар келіп, алтын,марганецтерді қазып оларды Жезқазғанға өткізеді. Соған қарағанда**

қабылдау орындары көп, оларды тексеру керек. «Черные копатели» деп аталып кетті бұл заң бұзушыларды. Тиісті органдарға жеткізіңіздер.

11. Күрделі жөндеуден өтіп жатқан аурухананың ғимаратында қазандық жасалмаған.
12. Интернатқа монша керек.
13. Жезды су қоймасының қасындағы құбырларға /колодецке/ ақша қарастырмаған.

Бегенов Б -Жақсы рахмет. Айтқандарыңызды жазып алдық. Біз әрдайым ашықпыз. Егер де сұрақтарыңыз болса, хабарласып тұруға болады. Жоғарыда атап өткендей арамызда облыстық депутат Мұрат Қадерұлы Маткенов біздің Қоғамдық Кеңестің мүшесі. Осы азамат арқылы да өз мәселелеріңізді жеткізуге болады.

Қарсақпай кентіндегі колледж ғимараты. ҚК мүшелерімен қатар, кездесуге Әлімейіт Асылхан Мырзамсейітұлы.

Бегенов Б Құрметті Қарсақбай кентінің тұрғындары. Біз жаңа ФОК -қа, паркке барып сол жердегі кемшіліктерді қарап шықтық. Одан басқа алып қосарларыңыз барма ?

Маменов А, Мұханов А, Азнабай А Қарсақбай кентінің тұрғындары :

1. Қарсақбай металлургиялық зауытының ашылғанына 95 жыл. Осыған орай іс-шара өткізген жөн. Облыс әкіміне айтыңыздар.
2. Парк ауданның балансында. Ұлытаудан келіп ешкім қарамайды, тексермейді. Жасыл желектер құрап жатыр. Нысанды ауылға беру керек.
3. ФСК/Фокты/ облыстың балансына бермесе жағдайы қиын. Одан бөлек ол жерде вентиляция жасалмаған.
4. Жас мамандарға үй жоқ. «Самға»компаниясы үй саламыз деген тоқтап тұр.
5. Дүйсенбай деген жерде « Балбырауында» гидрогеологиялық барлау жұмыстары жүргізіледі . Болашақта біздің кентті «вахталық қала» жасаса деген үміт бар.
6. Зауыттың жағдайы бұлыңғыр. Бұрын 350 адам жұмыс атқарса, кәзір 142. Консервацияға қоямыз деген, сол бойы нақты еш нәрсе айтпайды.
7. 53 жасында зейнетке шығатын көп балалы аналарға ақша көтерілмейді? Соммасы еш өзгермейді.
8. Ауылда тауарлар қымбат.
9. Судың сапасы сын көтермейді. Бау бақшаларды суару дегенді қойдық.


Бегенов Б – жақсы құрметті жерлестер. Біз ҚК тарапынан айтылған барлық мәселелерді тиісті мекемелерге жеткізіп, ұсыныс жазамыз. Сау болыңыздар.

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**



Б.Ж.Бегенов

**Қоғамдық кеңестің
хатшысы**



С.К. Онгарбаева